ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

# «ЗАМАНАУИ ҮЗДІКСІЗ КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТҮЛЕКТІҢ ҚҰЗЫРЕТТІК ҮЛГІСІ»

атты XLIII ғылыми-әдістемелік конференция

## МАТЕРИАЛДАРЫ

17-18 қаңтар 2013 ж.

4-кітап

## МАТЕРИАЛЫ

XLIII научно-методической конференции

# «КОМПЕТЕНТНОСТНАЯ МОДЕЛЬ ВЫПУСКНИКА В СИСТЕМЕ СОВРЕМЕННОГО НЕПРЕРЫВНОГО ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ»

17-18 января 2013 г.

Книга 4

Алматы 2013

*бойынша, бұл жағдай Мәскеуде тек қақтығыс басталғаннан кейін бірнеше күннен ғана белгілі болған.*

1943 ж. қыркүйегінде Жапония КСРО мен Германия арасындағы бейбіт келіссөздерде делдалдық қызмет атқару туралы дипломатиялық бастама көтерген болатын. Сол кезде КСРО Жапонияның бұл ұсынысынан бас тартып, өз одақтастарын Жапонияның бұл дипломатиялық маневрі туралы хабардар етті. 1945ж 5 сәуірде Кеңес үкіметі бейтараптық туралы кеңес-жапон пактісін денонсациялайтындығын жариялады.

*Егер Кеңестік тарап бұл ұсынысты қабылдаса, Жапонияның негізгі мақсаты- одақтастардың Германияның стратегиялық жағдайы біршама жеңілдер еді. Екіншіден, Кеңес үкіметінің бейбіт келіссөздер жүргізуге келісуі, олар нәтижесіз аяқталған жағдайда да, КСРО-ның одақтастары алдындағы міндеттерін бұзғандығын білдіретін еді және антигитлерлік коалицияның ыдырауына алып келер еді. КСРО АҚШ пен Ұлыбританиямен жағында Жапонияға қарсы соғыс жарияламас еді[3].*

Негізінен Жапонияның капитуляциясы 1945ж тамыздың басындағы бірнеше оқиғалар тізбегімен байланысты (6 тамызда – алғашқы ядролық соққы, 8 тамызда Кеңес Одағының Жапонияға соғыс жариялауы, 9 тамызда – жаңа атомдық бомбалау). Бұл жағдайлар жапон басшылығына соғысты одан әрі созу мүмкін еместігін көрсетті.

Егер Жапония үкіметі капитуляциялау туралы декларацияның шартын қабылдамағанда халықтың әскери рухының арқасында жеңіске жетер еді. Себебі көптеген әскер басшыларының ойынша, сол уақытта жапон әскерінің алып территорияны оккупациялауға әлі де мүмкіндігі болды, сондықтан капитуляция туралы айту әлі ерте еді.

Жапония II Дүниежүзілік соғыста жеңіске жеткенде, оның билігі Тынық мұхитындағы Каролин, Маршалл, Мариан аралдарына, Корея түбегіне, Курил аралдары мен Оңтүстік Сахалинге, Тайвань, Пэнхуледао, Парасель аралдарына, Солтүстік-шығыс Қытайға, Оңтүстік-шығыс Азия мен Тынық мұхитының кейбір аралдарына тараған еді. Осы аймақтардағы халықаралық жағдайлар тек жапон қызығушылығын ескере отырып шешілетін еді. Жапония аймақтық, кейін дүниежүзілік апатқа әкелетін ядролық державаға айналар еді.

Міне, осылайша Шығыс тарихын оқыту барысында студенттер оқиғаның негізгі желісін басшылыққа ала отырып, екінші дүниежүзілік соғыста жеңіліске ұшырап, капитуляцияға қол қойған Жапонияның осы соғыста жеңу мүмкіндігін негізгі деректерге сүйене отырып қарастырады.

Қорыта келгенде, жоғарыда қамтылған оқытудың инновациялық бағыттарының кез-келгені Шығыс тарихын үйретуде үлкен септігін тигізеді. Тарих пәніне деген білімгерлердің қызығушылық белсенділігін арттыра түседі.


**Қолданылған әдебиеттер:**

1. Проблемное и программированное обучение. Под ред. Т. В. Кудрявцева и А. М. Матюшкин. М.:Советская Россия, 1973, 288с.
2. М.И.Махмутов. Проблемное обучение. Основные вопросы теории. Педагогика, Москва, 1977, 386с.
3. Жолдасова К.Б. «II дүниежүзілік соғыста Жапонияның жеңіске жету мүмкіндігі» атты ашық сабақ материалы [illegible]



**Г.А. Жанұзакова, М. Жамбылқызы**


# ШЕТ ТІЛІН ОЙЫН ТҮРДЕ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

*«Ойын – бала үшін өмірдің тәжірибесі»*
*М.Жұмабаев*

Бүгінгі күннің талабы, шетел тілін оқып-үйрену үлкен қажеттілік тудырып отырғаны – баршаңызге мәлім. Әрбір студент – ертеңгі жас маман, қазіргі заман талабына сай шет тілін меңгеруді алдына мақсат етіп отыратыны да белгілі. Тілді оқытудың әдістерін бүгінгі күн талабына сай етіп, студентті шыңдай отырып, қалыптастыра білу де өзі үлкен ізденіспен шеберлікті қажет ететіні сөзсіз. Осыған байланысты шетел тілін үйретуде түрлі ұтымды әдістерді қолданып, сабақ барысындағы іс- әрекеттерді тиімді ұйымдастыра отырып, студенттің ынтасын арттыру – алдымызға қойылған негізгі мақсат екенін ұмытпаған жағдайда еңбегіміз жемісті болары сөзсіз. Шетел тілі оқытушысының алдына қойған мақсаты тіл үйренушілерді шет тілінде сөйлету болғандықтан, оқытушы шет тіліне үйретудің түрлі әдістерін сұрыптай келе, оның ішіндегі ең тиімдісін өз

сабағында колдануды басты міндет деп біледі. Окытудың ұтымды әдістерін колдану нак бір гана технологияны бастан-аяк кол деп түсінген дұрыс емес. Әр технологияны немесе сол технологияның кандай да бір элементтерін сабак барысында кандай да бір сатыда тиімді колдану, жандандыру нәтижеге жеткізеді. Ойын - ойнатудың әдістемелік мәні және жағымды эмоция сыйлаушы құрал.

Ойын дегеніміз - жас ерекшелікке карамайтын, адамның көңіл-күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Ойын - төзімділікті, алгырттыкты, тапкырлыкты, ұкыптылыкты, ізденпаздыкты, іскерлікті, дүниетаным өрісінің көлемділігінің кең болуы, сондай-ак, баска да толып жаткан сапалылык касиеттердің калыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалык, тиімді әдістерінің бірі. Ол ойындар студенттердің тапкырлығын, байкағыштығын, зейінділігін арттырумен катар, ерік сезім түрлерін де дамытады. Ойын түрлері көп. Соның ішінде жиі колданыстағы ойындар, ойын-сабак, ойын-жаттығу, сергіту ойындары, дидактикалык максаттағы ойындар, сөздік ойындар, логикалык ойындар т.б. Осылардың ішінде дидактикалык максаттағы ойындардың окыту үрдісінде окушылардың коммуникативтік күзіреттіліктерін дамытуда үлесі зор болып табылады. Сөйлеу әрекетінде козғаушы күш - ырғак. Сөйлеу ырғағын құру окытушының рөлдік ойындарды ұйымдастырудағы ең киын іс - әрекеті. Студенттердің кызығуын арттыру максатында окытушы ойынға катысушының өзіндік сөз ырғағын бейнелеп көрсетіп, тапсырманы дұрыс кұра білуі керек. Такырыптык «рөлдік-ойындар» студенттердің сөйлеу дағдысының калыптасуын дамытады.

Ойынның сабак барысында басты максаты - білім беруді ойынмен ұштастыру. Студенттің ойынға белсенді түрде катысуы оның ұжымдағы баска да әрекеттерін айкындайды. Ойын бір карағанда карапайым кұбылыс не әрекет сиякты болғанымен, ол ұжымдык әрекет. Ойын аркылы студенттің:

- кисынды ой-кабілеті дамиды;
- өздігінен жұмыс істеуге үйренеді;
- сөздік коры байиды, тілі дамиды;
- зейіні калыптасады;
- ойкампаздығы артады;
- өзара сыйластыкка үйретеді;
- ойынның ережесін бұзбау, яғни, тәртіптілікке баулиды;
- бір-біріне деген сенімі артады;
- сабакка кызығушылығы артады.

Тілді үйретудегі негізгі максаты - **студенттерді шет тілінде еркін ойлап сөйлеуге үйрету; окушылардың сөйлеу кабілетін жаңа технологияларды пайдалана отырып дамыту; окушыларды өзге ұлттың мәдениетімен таныстыра отырып сөйлеу мәдениетін калыптастыру.** Сабак барысында студент зейінін сабакка аудару, ауызша сөйлей алу және жазу дағдысын калыптастыру, пәнге деген кызығушылығымен өз бетінше жұмыс жасай алу кабілетін дамытуда дидактикалык ойындардың үлесі зор деп айтсек болады. Мәтінді мазмұндауға үйрету, жоспар кұруға, белгілі бір суретке такырып коя білуге, сол суретке карап сөйлем кұрауға, мұғалімнің көмегімен өз ойларын, кызыкты іс-әрекеттерін әңгімелеуге үйрету дидактикалык ойындарды ойнау барысында калыптасады. Студенттер білімді ойын аркылы кабылдап үйренеді. Сондыктан сабактағы ойын студент білімін тыңдап, ой-өрісін кеңейте алады, білім алудағы кызығушылығы артады. Ойын аркылы студент көптеген мәліметтер алады, психологиялык ерекшеліктерін калыптастырады. Окыту максатында колданылатын ойындардың түрлері көп. Ойын - канағат алу үшін жасалатын іс-әрекет. Ойын туралы көптеген теориялар бар. Солардың бірін алғаш рет жасаған Ф.Врубель. Ол ойын аркылы бала өзін-өзі көрсеткісі келеді дейді. М.Лазарус жұмыстан кейін демалу теориясын, Г.Спенсер ойын аркылы денедегі артык энергияны шығару, К.Крус тіршілік үшін күреске әзірлеу ойындарының, С.Л.Рубинштейн еңбекке дайындайтын ойындарының теорияларын жасады. Ойын туралы казіргі козкарастар оның көптеген кызметін аныктап отыр. Ол баланың кажеттіліктерін, кызығушылыктарын канағаттандырып, оның өмірге бейімделуін жеңілдетеді (Д.Б.Эльконин), болмысты тануға көмектеседі. Ойын аркылы бала білім алады, тәрбиеленеді, коғамды кұрметтеуге үйренеді, ынтымактасып жұмыс істеуге дағдыланып, ұтылуға емес, ұтуға тырысады. Студенттер ертегілерді, аңыздарды, әдеби шығармаларды, өмірден алынған окиғаларды сахнаға лайыктап койып, әртүрлі рөлдерде ойнайды. Осындай әдістердің ішінде коммуникативтік әдісті алға коюға болатынын сөзсіз. Шет тілі сабағында студенттердің сөздік корын арттыру, сөйлеу тілінің грамматикасын калыптастыру, дыбыстарды дұрыс айту, диалогтік сөйлеудің калыптасуы, түсінгенін айта білу, сауатты жазуға дағдыландыру, дүниетанымын, ой-өрісін кеңейту - өмірге деген козкарасын жан-жакты дамытып, олардың шығармашылык кабілетіне жол ашады. Шетел тілін окытудың ұтымды әдістерін колдану нак бір гана технологияны бастан-аяк кол деп түсінген дұрыс емес. Әр технологияны немесе сол технологияның кандай да бір элементтерін сабак барысында

кандай да бір сатыда тиімді колдану, жандандыру нэтижеге жеткізеді. Жуптык жумыстың да шетел тілін үйретудегі алатын орны ерекше. Студенттер белгілі бір такырып бойынша диалог кура отырып, ауызекі сөйлеу дағдыларын дамытады. Топпен жумыс студенттердің бойында жауапкершілік, еңбексүйгіштік касиеттерін дамыта отырып, окушыларды өзара көмекке, бірлесе ізденуге дағдыландырады.

Окытудың утымды әдістері студенттердің шетел тілін окуға кызығушылығын, сауаттылығын арттыруға, ауызекі сөйлеу дағдысын дамытуға, сөздік корын байытып кана коймай, баланың бойындағы максаткерлік, дербестік, адамгершілік, белсенділік, тағы баска да жаксы касиеттерді дамытатыны сөзсіз.

Бул әдіс бойынша окытудың максаты – сөйлесу, сөйлету. Сөйлеу бір-бірімен карым-катынас жасау аркылы іске асырылуы кажет. Мine, бул – коммуникативтілік әдістің негізгі міндеттерінің бірі. Ал, карым-катынас максаты – өзара карым-катынас жасаумен байланысты міндеттерді шешу. Ойын ойнату аяк астынан болғандыктан, ойламаған жерден ойынға кірісу кызығушылыкты тудырады. Ойын ойнау барысында окушы еш бір бүкпесіз, бар жан-тәнімен ойынға кірісіп кетеді де, белсенділік пайда болады, үйренушілер лидерлік танытады. Тілді үйренгісі келмейтін адамның өзі ойын ойнаған кезде, оны умытып кетеді. Ойын катысымдыкты калыптастыратын әдіс болғандыктан, ол окытудың еш бір әдіс-тәсілімен салыстыруға келмейді. Шет тілі сабағын ойын аркылы окыту барысында үйренушілердің пәнге деген козкарасы өзгеріп, өзге және өзінің досын баскаша көруге мүмкіндік туады. Ойынды колдану оку үрдісінің баска шактарына да жаксы әсер етеді. Рөлдік ойынның мәні:

а) тіл үйренушінің сол тіл аркылы катынас жасауына деген кызығушылығын арттырады;

ә) ойын барысында тілдік катынастар ерекше маңызға ие болады;

б) тіл үйренушінің шет тілі пәні бойынша біліктілігі мен белсенділігін арттырады.

Рөлдік ойындар студенттердің болашак мамандығының ерекшелігімен толығырак танысуға да септігін тигізеді. Зерттеушілердің пікірінше, «рөлдік ойын: оның табысы көп жағдайда окытушыға байланысты. Ол окытушының уйымдастыру және өткізу кабілеттеріне катысты». Рөлдік ойындарда міндетті түрде тіл үйренушілердің өзара әлеуметтік рөлдік катынастары калыптасады. Рөлдік ойын сөйлеу мәдениетін дамытуға да өз септігін тигізері анык. Ол болашак маманның өзін-өзі устай білу кабілетін, мамандыкка катысты терминдерді колдана білу деңгейін дамытады. Сөйтіп, ойын – сауатты сөйлеу, дурыс тыңдап, түсіну деңгейлерін жоғарылататын, катысымдыкка жетелейтін куралдың бірі болып табылады. Ол – үйренушілерді шет тілінде сөйлету куралы. Сабак сөйлеу әрекетіне негізделуі керек. Шет тілі сабағында ойын ойнату және шет тілі пәнінің басты максаты – ойын аркылы шет тілінде сөйлету негізгі максаттардың бірі болып табылады. Ойынның курылымын оку әрекетіне салғанда оку үрдісін максатты катысым үрдісіне айналдыруға болады. Мәселен, үйренушілерге бірдей екі нәрсені, не болмаса суретті көрсетіп, осы екі нәрсенің арасындағы айырмашылыктарды атап беріңіз деген кезде, олар оны оку үрдісінің максаты деп кабылдамайды. Ол тіл сөйлету максатына жету куралы болып табылады. Сөз соңында айтарымыз, кез-келген такырыпка сабакта рөлдік ойындар ойнатудың тиімді екені анык.

Ойын аркылы студенттің білімі мен бейімін, жеке тулғалык касиет-кабілеттерін арттыру мүмкіндіктері зерттелген. Ойындардың кажеттілігін іріктеп ала білу-устаз шеберлігіне байланысты. Окушының тілін дамытуда сөздік ойындарын колдану тиімдірек. Сондай ойындардың бірі – «Керекті сөзді тауып айт». Ойынның максаты – кажетті сөздерді дурыс тауып айтуға жаттыктыру, окушы зейінін калыптастыру. Сабак барысында студенттердің кызығушылығы, зейіні, тілін дамыту үшін дидактикалык ойындар мен тапсырмалардан баска грамматикалык ойындардың орны ерекше. Ятни күрделілік тапсырмалар аркылы студенттің білімен, окуға деген және пәнге деген ынтасы артады. Сабакта тиімді колданылған ойын студенттердің грамматиканы толык меңгеріп, сауатты жазу дағдысына мол мүмкіндік береді. Окушыларды өз беттерімен жумыс істеуге дағдыландырады, ізденімпаздыкка баулиды. Грамматикалык ойындардың ерекшеліктері де бар. Бул ойын әр түрлі жағдаяттар аркылы жүзеге асады. Ойын сабактың әр бөлігінде, әр максатта жекеленіп, даралапып колданылады. Жаңа такырыпты түсіндіруде, өткенді кайталауда, пысыктау сабактарында пайдаланылады.

Сонымен, ойын келесі маңызды міндеттер: студенттің коғамдык катынастарға бейімделуі, жалпы адамзаттык мәдени кундылыктар мен әртүрлі улт өкілдерінің мәдениеттерін меңгеруі; студенттің шынайы адамгершілік коммуникацияға енуіне мүмкіндік беретін коммуникативті іс-әрекеттердің көрініс табуы жүзеге асырылады. Баланың әр кырынан көрінуіне интеллектуалдык, шығармашылык, коммуникативтік жағынан және әртүрлі киындыктарды жеңуге жағдай жасайды.

Бастапқы және кейінгі кезеңдерде ағылшын тілін оқытудағы бір негізгі аспект ол ойын элементтерін тиімді пайдалану болып табылады. Ойын арқылы бала қоғамдық тәжірибені меңгереді, сондықтан әр сабақ үрдісінде қандай ойын қолдануға болатынын сабақтың мақсатына, жас ерекшелігіне сәйкес таңдау керек.

Қазіргі мектептегі ақпараттық құралдарды жетік меңгеру, Power Point, Active Studio бағдарламаларымен жұмыс істеп қана қоймай үнемі интернет жүйесіндегі жаңалықтар мен өзгерістерді өзінің кәсіби шеберлігіне қолдана білу, білім кеңістігін кеңейту, алну бағытындағы өзгерістер мен әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге талпыну. Соңғы кезде уақыт көрсетіп отырғандай, оқытушымен салыстырғанда студентте көп ақпарат болатыны кейінгі көрсетілген тәжірибелер дәлелдеп отыр. Қазіргі кезде адамның кәсіби шеберлігіне, білім өрісіне, зиялылық және танымдылық деңгейіне өмірдің өзі биік талаптар қойып отыр. Сондықтан әрбір оқытушы өз қызметіне ақпараттық технологияны пайдалана білуі қажет. Бұл мәселе білім беруді ақпараттандырудың қажетті шартына айналып отыр.

Қорытындылай келе, дидактикалық ойындар оқушылардың таным белсенділігін жандандыратын, өздігінен ойлауын дамытатын тәсілдердің бірі. Олар кез-келген оқу материалын қызықты да тартымды қылып, студенттердің көңіл күйін көтеруге, өздерінің жұмыстарына қанағаттануға және білім үрдісін жеңіл меңгеруге көмектеседі. Сабақ барысында ойын арқылы дамытуға арналған тапсырмалар жүйелі бағытталып, ұйымдастырылып отырса сонда ғана оқытушының сабақ мақсатына жеткізуіне мүмкіндік береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Педагогика. Учебное пособие для студентов педагогических вузов и педагогических колледжей / Под. Ред. П.И. Пидкасистого. - М: Педаг. Общество, 1998. - 640 с.
2. М.Жұмабаев. Педагогика. - Алматы: Ана тілі, 1992. -160 б.
3. Г.К.Нұрғалиева. Педагогиканың логикалық-құрылымдық курсы. - Алматы, 1996.
4. Оконь В. Введение в общую дидактику. - Москва: Высшая наука, 1990.



Резюме

В статье рассматривается проблема создания условий для повышения мотивации к овладению иностранным языком через использование игровых технологий.

Түйіндеме

Бұл мақалада ойын технологиялары арқылы шет тілін меңгеру уәждемесін дамыту жағдайын жасау мәселесін қарастырады.

Summary

The article describes the problem of creating the conditions for increasing the motivation to master a foreign language through the use of game technologies.



**А.Ж. Жарболова**


# КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Құқықтық мемлекет құру бағытын ұстанған мемлекеттің өркениетті дамуы үшін құқықтың негізгі идеяларына қаныққан құқықтық сауатты ұрпақ тәрбиелеу маңызды шара болып табылады. Қоғам мүшелерінің құқықтық сана-сезімінің жоғары деңгейі мемлекеттің құқықтылығының негізгі көрінісі. Конституцияның жоғарылығын, заңның үстемдігін мүмкін етпек. Олай болса, мемлекетімізді құқықтық мемлекет ретінде қалыптастырудағы негізгі бір қажеттілік - қоғамның конституциялық-құқықтық сана-сезімін, конституциялық-құқықтық мәдениетін көтеру. Қоғамның конституциялық-құқықтық сана-сезімінің, конституциялық-құқықтық мәдениетінің деңгейі оның конституциялық-құқықтық сауаттылығына байланысты. Конституциялық-құқықтық сауаттылық ең алдымен қоғам мүшелерінің Конституция нормаларын білу қажеттігін шамалайды. Себебі, Конституция мемлекеттің, қоғамның ұйымдастырылуының, қызмет етуінің негіздерін анықтайды, жеке адамның құқықтық жағдайының негіздерін бекітеді. Конституцияда қоғамның барлық салаларының дамуы үшін негіз болатын жетекші қағидаттар бекітілген. Конституция мемлекеттің бүкіл құқықтық жүйесі үшін негіз болатын фундаменттік қатынастарды реттейді.

Қоғам мүшелерінің конституциялық-құқықтық сауаттылығын қалыптастыруда конституциялық құқықты оқыту маңызды да қажетті болып табылады. Себебі, конституциялық құқық мемлекеттің,